

БАҚ

ХАЛЫҚТЫҢ ҮНІ, ҚОҒАМНЫҢ АЙНАСЫ

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне арналған салтанатты іс-шарада облыс әкімі Асхат Шахаров өңірдегі журналистер мен сала мамандарын құттықтап, марапат табыстады.

Салтанатты шараға өңірлік және республикалық БАҚ өкілдері, журналистика саласының ардагерлері, телерадио компанияларының, баспа басылымдары және ақпараттық порталдардың қызметкерлері қатысты.

Облыс әкімі құттықтау сөзінде бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қоғам өміріндегі айрықша рөліне тоқталып, журналистиканың жай ғана мамандық емес, мемлекет пен қоғам алдындағы зор жауапкершілік екенін алға тартты.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев журналистердің мемлекет пен қоғам арасындағы ашық диалогты дамытудағы айрықша рөлін бірнеше рет атап өтті. Ақтөбе облысының бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері осы жауапты міндетті абыроймен атқарып, өңір тұрғындарын маңызды оқиғалар мен мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы туралы уақтылы әрі объективті ақпаратпен қамтамасыз етіп келеді. Медиа саласының қарқынды дамуы жағдайында кәсібилік, жауапкершілік және шынайы журналистика қағидаттарына адалдықтың маңызы арта түсуде. Сонымен қатар Президенттің тапсырмасына сәйкес биыл алғаш рет өңірлерде еңбек ететін журналистерге мемлекет



кет есебінен тұрғын үй беріле бастады. Баршаңызға қажырлы еңбектеріңіз үшін алғыс білдіремін. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, шығармашылық табыс пен кәсіби жетістік тілеймін, — деді Асхат Шахаров.

Облыс әкімі қазіргі медиа саласын дамыту мәселесіне де тоқталды. Оның айтуынша, ақпарат ағынының күрт артуы мен жалған ақпараттың таралуы жағдайында фактілерді мұқият тексеруге, объективтілікке және жоғары кәсіби этикаға негізделген журналистиканың маңызы бұрынғыдан да арта түсуде.

Іс-шара аясында мемлекеттік наградаларды салтанатты түрде табыстау рәсімі өтті.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, отандық журналистика мен телевизияны дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін «Aqtobe» телеарнасының режиссері Гүлсім Омарқызы «Құрмет» орденімен, облыстық «Актобинский вестник» газетінің бас редакторы Гүлсім Назарбаева «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Сондай-ақ шарада Мәдениет және ақпарат министрлігінің ведомстволық наградалары да табысталды. «Еңбек ардагері» медалімен «Aqtobe» телеарнасының ардагері Дина Жалғансова мен облыстық «Актобинский вестник» газетінің ардагері Мирал Джармұхамбетов марапатталды.

Өз тілшіміз.

«Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісі «Aqtobe» телеарнасы шығармашылық қызметінің телебағдарламалар редакторы Динара Әбдуллинаға, «Хабар» агенттігі АҚ «24KZ» телеарнасының облыстағы меншікті тілшісі Мансур Есқожинға және «Не жаңалық?» балалар мен жасөспірімдерге арналған YouTube арнасының бас редакторы Әлия Нұрмағамбетоваға табысталды.

Қазақстан Журналистер одағының «Құрметті журналисі» атағы облыстық «Ақтөбе» газеті бас редакторының бірінші орынбасары Жаңағұл Ниязмағанбетоваға берілді. Сонымен қатар өңірдің бірқатар БАҚ өкілдері министрліктің Алғыс хатымен және облыс әкімінің сыйлығымен марапатталды.

Мерекелік шараның ең маңызды сәттерінің бірі бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне қызметтік тұрғын үйдің кілттерін табыстау рәсімі болды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес биыл елімізде алғаш рет өңірлерде еңбек ететін журналистерге мемлекет есебінен пәтер беріліп отыр. Облыстық «Ақтөбе» газетінің дизайнер-беттеушісі Шолпан Мұхамбеталина мен «Aqtobe» телеарнасының эфир режиссері Жанат Есқалиева пәтер кілтіне ие болды.

Сондай-ақ Асхат Шахаров ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері Ертай Ашықбаевты Президенттің Жарлығымен берілген «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына ие болуымен құттықтады.

Салтанатты іс-шара соңында БАҚ өкілдері естелік суретке түсіп, бір-біріне жылы лебізін жеткізді.

Айта кету керек, қазіргі таңда Ақтөбе облысында 53 бұқаралық ақпарат құралы жұмыс істейді. Оның ішінде 44 баспа басылымы, 2 телеарна, 3 интернет-ресурс, 3 радиостанция және бір кабельдік оператор бар.

ОРМАНШЫЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨЛІГІ БЕРІЛДІ



Жасыл желекті қарап, қорғайтын 8 мекеменің материалдық-техникалық базасы нығая түсті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында еліміздегі орман қорына 2 миллиардтан астам ағаш егуге тапсырма беріп, осы салаға

— Ең алдымен орманшылардың еңбегіне, табиғатты аялауға қосқан үлесіне алғысымды білдіргім келеді. Сіздер еліміздің ең құнды байлығы — әсем табиғатымызды қорғап, сақтап келе жатырсыздар.

Атқарушы билік өз тарапынан қолдау шараларына ерекше мән беріп келеді. Мәселен, биыл 10 миллион көшет егу жоспарланып отыр. Басты мақсат — жасыл желекті көбейтіп қана қоймай, барымызды сақтау. Соны ұмытпайық.

Бүгін, міне, тағы да жақсы себеппен бас қосып отырмыз. 8 мекемеге өрт сөндіру машинасы табысталмақ. Бұл іс алдағы уақытта да жалғасын табады, — деді ол.



қамқорлықты күшейтуді айтқаны белгілі. Жоспарға сәйкес, 2021-2027 жылдар аралығында облыста 35 мың гектар алқапқа 64,7 миллион көшет егу жөнінде бұйрық бекітілді. Ал өңірдегі орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жаңартуға өткен жылы жергілікті бюджеттен 493,2 миллион теңге бөлінгенді.

Аталған өзгерістер мен жаңашылдықты тілге тиек еткен облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Елеуов Ақтөбе қаласы мен 7 аудандағы орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемелеріне өрт сөндіру машинасының кілті табыстады.

Айбек СЕРІҚҰЛЫ.

Құрылыс

ЖАҢА ТЕАТРДЫҢ ЖАЙЫ

Мәдени нысан Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бой көтеріп жатыр және өңірдегі ең ірі театр өнері орталығының біріне айналады.

Облыс әкімі Асхат Шахаров құрылыс жұмысының барысымен танысты.

— Бұл — жай ғана жаңа театр ғимараты емес. Біз облыс тұрғындары үшін заманауи мәдени кеңістік қалыптастырып жатырмыз. Мемлекет басшысы мәдениетті дамытуға, рухани құндылықтарды сақтауға және шығармашыл зиялы қауымға қолдау көрсетуге ерекше көңіл бөледі. Жаңа театр өнерсүйер қауымның бас қосатын орнына, артистеріміздің

материалдары пайдаланылуда. Бұл жұмыстың сапасын қамтамасыз етіп қана қоймай, қазақстандық өндірушілерді қолдауға мүмкіндік береді, — деді ол.

Театр құрылысы — жаңа қоғамдық кеңістікті дамытуға бағытталған ауқымды жобаның бір бөлігі. Театр маңында демалыс орталықтары, саябақ аймағы және спорт нысандары салынып, қала тұрғындары үшін заманауи мәдени-демалыс кластері қалыптастырылады.



шығармашылық әлеуетін жүзеге асыратын және ауқымды мәдени іс-шаралар өтетін маңызды алаңға айналады, — деді өңір басшысы.

Драма театры ғимаратының жалпы ауданы — 21 мың шаршы метр. Кешен жертөле қабатын қоса есептегенде үш қабатты болады. Онда үлкен және кіші көрермен залы, заманауи репетиция бөлмелері, сахналық кеңістік және қызметтік кабинеттер қарастырылған.

Құрылыс учаскесінің бастығы Жарас Түрікпенбаевтың айтуынша, бүгінде нысанда 100-ге жуық адам еңбек етіп жатыр.

— Құрылыс жұмысы жоспарға сәйкес жүргізілуде. Алаңда қажетті барлық техника бар, құрылыс материалдары толық жеткізілген. Нысан құрылысында, негізінен, отандық құрылыс

Тахауи Ахтанов атындағы облыстық драма театрының тарихы 80 жылдан аса уақытты қамтиды. Осы жылдар ішінде театр өңірдегі маңызды мәдени ошақтардың біріне айналды. Жаңа ғимарат шығармашылық ұжымдардың жұмысына қолайлы жағдай жасап, репертуарлық мүмкіндіктерді кеңейтуге және театр қызметінің сапасын арттыруға жол ашады.

Жарас Түрікпенбаевтың айтуынша, жобаны 2027 жылдың үшінші тоқсанында аяқтау жоспарланып отыр. Нысан пайдалануға берілгеннен кейін онда қала тұрғындары мен қонақтары заман талабына сай жабдықталған, республикалық және халықаралық деңгейдегі ауқымды мәдени іс-шаралар өткізіледі.

Д.АЙДАР.

Қабылдау



ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІН ТЫҢДАДЫ

Өңір басшысы Асхат Шахаров азаматтарды жеке мәселелері бойынша онлайн форматта қабылдады. Қабылдау барысында өңір тұрғындары тұрғын үймен қамтамасыз ету, жер қатынастары, ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту және коммуналдық мәселелер тұрғысындағы өтініштерін жеткізді.

Қабылдауға Ақтөбе қаласы мен аудан тұрғындары қатысып, өздерін толғандырған мәселелерді тікелей облыс әкіміне баяндады. Атап айтқанда, Байғанин ауданының Көкбұлақ ауылына газ тарту, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану, тұрғын үй кезегіне тұру, сондай-ақ Ойыл ауданының Амангелді ауылындағы көше жолдарын асфальттау және спорт кешенін салу мәселесі көтерілді.

Сонымен қатар қабылдауда тұрғын үй және жер мәселесі, сондай-ақ Ақтөбе қаласындағы апатты тұрғын үйдің жай-күйіне қатысты сұрақтар қаралды.

Облыс әкімі әрбір өтінішті мұқият тыңдап, жауапты басқармалар мен аудан әкімдеріне мәселелерді заң аясында зерделеп, нақты шешу жолын қарастыру жөнінде тапсырма берді. Кейбір мәселе бойынша азамат-

тарға қолданыстағы заңнама талабына сәйкес түсіндіру жұмысы жүргізілді.

Асхат Шахаров тұрғындармен ашық диалог орнату және олардың мәселесін уақтылы шешу Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру аясындағы өңір басшылығы жұмысының басты бағытының бірі екенін атап өтті. Азаматтардың өтінішті тұрақты бақылауда болып, олардың орындалу барысы бойынша тиісті жұмыс жүргізіледі.

Облыс әкімінің тұрғындарды онлайн және офлайн форматта қабылдауы өңір тұрғындарының мәселесін жедел шешуге және халық пен билік арасындағы кері байланысты нығайтуға бағытталған жұмыс аясында тұрақты түрде өткізіліп келеді.

А.САЙЛАУҚЫЗЫ.

Көзінгір отын

АҚТАСТЫ АУЫЛЫНА ГАЗ БЕРІЛДІ

Әйтеке би ауданының Ақтасты ауылына табиғи газ берілді. Аудан орталығынан 100 шақырым қашықтықта орналасқан ауылда 50 отбасы тұрады. Бұған дейін ауыл халқы қыста көмір, қи жағып келді. Жыл сайын көмірдің қымбаттауы да ауыл халқының қалтасына салмақ салып келген еді. Енді тұрғындар бұл қиындықтан құтылды.



Табиғи газ желісінің іске қосылуына арналған салтанатты рәсімге аудан әкімі Д.Тоғызбаев қатысып, ауыл тұрғындарын айтулы оқиғамен құттықтады.

— Ауылдарды дамыту — мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Ақтасты ауылының табиғи газға қосылуы — тұрғындардың әлауқатын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстардың нақты нәтижесі. Осындай жобалар кезек-кезеңімен жүзеге асырыла береді, — деді аудан әкімі.

Салтанатты шара барысында ауыл ақсақалдары ақ батасын беріп, аналар шашу шашты.

Айта кетейік, өткен апта облыс әкімі Асхат Шахаров Ақтасты ауылына барып, мемлекеттік бағдарламалар аясында жүзеге асырылған бірқатар жұмыспен танысқан болатын. Ауылда жаңа өрт сөндіру бекеті пайдалануға берілді. Сонымен қатар білім беру, ауыл шаруашылығы және әлеуметтік салаларды дамыту бойынша да жүйелі жұмыс жалғасуда.

Ақтасты ауылының табиғи газға қосылуы тұрғындардың тұрмысын жақсартып қана қоймай, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін бермек.

К.СЕКСЕНБАЙҚЫЗЫ.